

«Бекітемін»
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым
вице-министрі
Б.А.Асыллова
«17» 03 2018 ж.

**Орта білім берудегі оқу жетістіктерін сырттай бағалау бойынша
«Қазақ тілі» пәнінен 4-сынып оқушыларына арналған тест спецификациясы**

Қазақстан Республикасының бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты және бастауыш білім берудің оқу пәндері бойынша оқу бағдарламалары негізінде құрастырылған құжат.

1. Мақсаты: жалпы білім беретін орта мектептердің 4 сынып оқушыларының қазақ тілі пәні бойынша дайындық деңгейлерін анықтау.

2. Тест мазмұны: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: бірінші деңгей – 7 тапсырма, екінші деңгей – 5 тапсырма, үшінші деңгей – 3 тапсырма.

Қазақ тілі пәні бойынша тест бастауыш білім берудің оқу бағдарламасына сай мына бағыттағы тапсырмалардан тұрады:

№	Бөлім	№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Фонетика	01	Дыбыс және әріп. Буын	01	Дауысты дыбыстар. Дауыссыз дыбыстар
				02	Буын. Тасымал. Буын үндестігі. Дыбыс үндестігі
02	Лексика	01	Сөз және оның мағынасы	01	Сөз мағыналары. Мағынасы бір-біріне жуық сөздер. Мағынасы қарама-қарсы сөздер. Көп мағыналы сөздер
				02	Күрделі сөздер. Біріккен сөз. Қос сөз. Қысқарған сөз
03	Морфология	01	Сөз құрамы	01	Түбір және қосымша
		02	Сөз таптары	01	Зат есім
				02	Сын есім
				03	Сан есім
				04	Есімдік
05	Етістік				
04	Синтаксис	01	Сөйлем	01	Сөйлемнің түрлері
				02	Сөйлемнің бірыңғай мүшелері
				03	Жай сөйлем және құрмалас сөйлем. Қыстырма сөз. Тұрлаусыз мүшелер
				04	Мәтін. Әңгімелеу мәтіні. Сипаттау мәтіні. Пайымдау мәтіні

3. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Оқу бағдарламасы бойынша 4-сыныптың соңында оқушылар: ауызекі және жазба тілді; -буын және дыбыс үндестігін; мәтіннің құрылымы мен түрлерін; сөйлемнің тұрлаулы (бастауыш, баяндауыш), тұрлаусыз мүшелерін және бірыңғай мүшелерді; -жалаң және жайылма сөйлем түрлерін; сөз тіркесін; синоним, антоним, омонимдерді; -күрделі сөздерді, олардың түрлерін; -сөз таптары мен олардың түрлену жүйесін; жай сөйлемге синтаксистік талдау жасауды; -жай сөйлемді құрмаласқа айналдыруды; мәтіннен қыстырма сөздерді табуды; сөз таптарын ажырату, талдау және оларды топтастырып, өзара салыстыруды; -мәтіндегі тірек сөздерді табуды және олармен

мәтін құрауды; қоршаған орта мен мақсатқа сәйкес диалог, монолог құруды; берілген мәтінге жоспар жасауды меңгеруі тиіс.

4. Тапсырмалар формасы:

Тест тапсырмасында берілген бес жауап нұсқасында бір дұрыс жауапты таңдау. Таңдаған жауапты жауап парағында берілген пәнге сәйкес орынға, дөңгелекшені толық бояу арқылы белгілеу қажет. Тест тапсырмасын толығымен орындау уақыты – 30 минут.

5. Жеке тапсырмалар мен жалпы жұмысты бағалау:

Дұрыс орындалған әр тапсырма үшін тестіленуші 1 балл алады. Дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл. Тест тапсырмасы толығымен дұрыс орындалған жағдайда 15 балл алады.

6. Тест тапсырмаларын апробациядан өткізу:

Тест тапсырмалары ҚР мектептерінің 4 сыныптарында апробациядан өтеді.

Қол

Аман

Берік

Мам

Р. Аман

Аман